Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж

«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры
_______ Е. Жанділдин
« 01 » қыркүйек 2020 ж.

# Жас оқытушы мектебі туралы
# ЕРЕЖЕ

Петропавл қ. – 2020 ж.

Осы Ереже ҚР «Білім туралы» Заңы негізінде КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» Жарғысына сәйкес әзірленді.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. ҚР «Білім туралы» Заңы, КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже құрылымдық – Жас оқытушы мектебі (ЖОМ) қызметі, педагогикалық еңбек өтілі жоқ, 3 жылға еңбек өтілімі толмаған жас мамандарға арналған.

1.3. ЖОМ құрамына директор орынбасарлары, әдіскерлер, тәлімгерлер және оқытушылар кіреді.

## 3. Жас оқытушылар мектебінің негізгі міндеттері

3.1. Педагогтің жеке педагогикалық қабілеттерін ашу.

3.2. Оқытушының ақпараттық-әдістемелік мәдени деңгейін жоғарылату.

3.3. Педагогика мен әдістеме бойынша білімін жетілдіруіне көмек көрсету.

3.4. Кәсіби дағдыны өзіндік меңгеруі үшін ақпараттық кеңістікпен қамту

3.5. Педагогикалық үрдіске тиімді әдістер, дидактикалық тәсілдер енгізу арқылы оқу сабақтарын сапалы өткізуге қамтамасыз ету.

3.6. Жас оқытушылардың конструктивті-операциялық, конструктивтік-құрылымдық дағдыларын қалыптастыруына жұмыстар ұйымдастыру.

3.7. Ұжымға жас оқытушының бейімделуі

3.8. Білім үдерісіндегі ғылыми ой, инновациялық әдістемелік қызметке ендіру

3.9. Жас педагогтің тұраты өзіндік дамуы мен өзіндік жетілдіруін қалыптастыру

## 4. Жұмыс формалары мен қызмет түрлері

4.1. Мақсатты өзара сабаққа қатысу мен өзара сабақ қарау, оларды талдау және нәтижелері.

4.2. Баяндама мен жұмыс тәжірибесін бөлісу, ашық сабақтарда практикалық көрсету.

4.3. Әдістемелік нұсқаулықтар, жаднамалар, көрнекі құралдарын дайындау.

4.4. Жаңа әдістемелік әдебиеттермен танысу мен оқу.

4.5. ЖОМ негізгі қызмет түрлері:

- прогрессивті білім технологияларын енгізу арқылы педагогтің жеке кәсіби стилін қалыптастыру.
- колледждің, басқа оқу орындарының үздік оқытушыларының жұмыс тәжірибелерін зерттеу арқылы жас оқытушының педагогикалық шеберлігін меңгертуге көмек көрсету.
- жас оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік сабақтар және тәжірибелі педагогтар «Шебер-сыныбын» өткізу.
- білім беу мәселелері бойынша конференция, семинар, педкеңес ұйымдастыру мен дайындауға жас оқытушыларды тарту.
- жас оқытушының жұмыс нәтижелерін қадағалау.
- жас оқытушылардың жұмыс нәтижелерін диагностикалау;
- жас оқытушы қызметінің бағытына сәйкес колледждің материалды-техникалық базасын дамыту, модернизациялау және нығайту (электорнды оқулықтар, көрнекі құралдар т.б.)

- жас оқытушылармен электронды оқу материалдарын дайындау және оларды оқу үдерісінде қолдануға ұйымдастыру;
- білім беру сұрақтары бойынша әдістемелік әдебиет шығаруға дайындау;
- қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу арқылы білім беруде еркін алмасу жүйесін қалыптастыру.

**5. Қызмет мазмұны**

Жас педагог мектебі сабақтарында өзіндік даму және оқу үдерісінде ұйымдастыру бойынша педагогке теориялық және практикалық көмек көрсету:

- өзіндік сабақ талдауы және ғылыми-әдістемелік мәдени талдауды ұйымдастыруды жоспарлаудың қазіргі жолдары;
- әдістемелік тақырып және өзіндік білімін жетілдіру тақырыбын таңдау;
- студенттердің оқу-зерттеу қызметіне жетекшілік;
- бағдарлама материалын меңгеру деңгейі және кәсіби қызметін диагностикалау;
- теориялық сипатта баяндама дайындау.

**6. Жас оқытушы мектебінің құжаттамасы**

6.1. Ереже;
6.2. Жылдық жұмыс жоспары;
6.3. Оқу жылының жұмысын талдау;
6.4. Отырыс хаттамалары.

**7. ЖОМ құрамына енген педагогтардың міндеттері**

7.1. Міндеттері:
- Мектеп семинарлары мен отырыстарына қатысу;
- Мектеп қызметіне белсенi араласу;
- таңдаған әдістемелік тақырып бойынша өзіндік білімін тереңдету;
- Жас оқытушы мектебінің қорытынды отырысында әдістемелік тақырып бойынша істелген жұмыстар бойынша есеп беру;

7.2. Мектеп жұмысын жүргізетін әдіскер Жас оқытушы мектебінің жетекшісі және колледждің әдістемелік кеңесінде істелген жұмыс бойынша есеп береді.

**8. Жас оқытушы мектебінің жұмыс тәртібі**

8.1. Мектеп отырысы 2 айда бір рет болады;
8.2. Кәсіби қызметте қиындық туғызатын мәселелер талқылаудың негізгі тақырыбы болады.
8.3. Отырыстар арасында оқытушылармен жеке кеңес беру.
8.4. Жас оқытушы мектеп қызметін директордың оқу-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары қадағалайды.